Мектеп бағдарламасындағы кез келген курсты кез келген бөлімшесіндегі оқыту кемшіліктері мен осы кемшіліктерге себеп болған қиындықтарды анықтау үшін сол курстың мақсаттарына кіретін мінез-құлық ерекшеліктерінің ішінде осы бөлімше мақсаттарының үлесін білу қажет. Курстағы жеке мақсаттарынан қайсыларына осы бөлімшеде қол жеткізілетіні белгілі болып және осы бөлімшеге байланысты бақылау тестінде осы мінез- құлық ерекшеліктері толы өлшенуі керек. «Бөлімшенің мақсаты қандай болуы мүмкін?» сұрағына жауап бермес бұрын, екі мәселеге тоқтап өтейік. Біріншісі: Курсты барлық бөлімдері біріктірілген кезде олар сол курстың барлық мақсатын жүзеге асыруы керек. Алайда кез келген мақсатқа жету, ол мақсатқа байланысты ерекшелікті оқушыларға игерту үшін курстың әр бөлімі бірдей дәрежеде қолжетімді емес. Кейбір мақсатқа курстың белгілі бір бөлімінде басқа бөліміне қарағанда жеңілірек, тезірек және тиімді түрде қол жеткізуге болады. Екінші мәселе: Кез келген курстың мақсатына кіретін мінез- құлық ерекшеліктері арасында белгілі бір қатынастар болуы мүмкін. Мысалы, курстың мақсаттарының бір бөлігіне жету үшін басқа бір бөлігіне бұрыннан қажеттігі болуы мүмкін. Басқаша айтқанда, кейбір мақсаттардың детерминанты болып табылатын сыни дағдыларды үйрену кезінде кейбір өзге мақсаттардың сыни құзыреттерін құрал ретінде пайдаланылуы мүмкін болады. Бөлімнің курс мақсаттарына қосқан үлесін анықтау кезінде жоғарыда аталған екі жәйт ескеріледі. Қарастырылып отырған бөлімде ең тиімді түрде қол жеткізуге болатын мақсаттар осы бөлімнің мақсаттарының ішінде орын алады. Бір мақсатты қамтыған мінез- құлық ерекшелігі, кезеңдермен реттелген бір мақсаттардың тізбегінде болса, бұл мақсаттар тізбегінің алдыңғы буындары не болмаса бұған дейін өңделетін бөлімдерде және осы негізде игерілетін өзге мінез- құлық ерекшеліктерімен бірге жүзеге асырылуы керек. Мұндай мақсаттар тізбегінде (шынжырында) кейінірек келетін буындар болса, не бірдей бөлімнің ішінде, не кейінгі бөлімдер де өңделуі керек. қорыта келгенде, кез келген бір бөлімнің, (а) ешқандай кезеңдік мақсаттар тізбегіне кірмеген жағдайында, осы бөлімде өңделуі үшін қолайлы шарттар болып табылатын, (b) алдыңғы буындарды бұдан да бұрынғы бөлімдерде өңделген кезеңмен реттелген бір мақсаттардың тізбегінде орын алған, (c) кезеңмен реттелген бір мақсаттардың тізбегінде орын алуымен қоса айтылмыш кезеңделген тізбегінің барлық элементтерімен бірге осы бөлімде жүзеге асырылатын, (d) кезеңделген бір мақсаттардың тізбегінің алғашқы буыны немесе алғашқы буындарын құрайтын және (e) жоғарыда берілген «b» және «d» дегі қасиеттердің екеуіне де сәйкес мақсаттар болуы мүмкін. Кестеде берілген. Бір бөлімдегі білім кемшіліктерін анықтау үшін осы бөлімде жүзеге асырылуы көзделген, яғни осы бөлімнің мақсаттарында қамтылған барлық мінез- құлық ерекшелігі, сенімділігі мен жарамдылығы жоғары шкалаларын қолдану арқылы өлшенген болуы қажет. Егер оқушыны «X» бөлімі бойынша біліміндегі кемшіліктері анықталатын болса, осы оқушының A, B4, C1, C2, C3, D1, E3 және E4 мақсаттарында қарастырылған барлық мінез- құлық ерекшелігін тексеру қажет. Оқушының «X» бөліміндегі кемшіліктері, тек осындай бағалау

жасалғаннан кейін ғана анықталады. Бөлім мақсаттарында қарастырылған барлық мінез- құлық ерекшелігі өлшенбейінше, оқушыны осы бөлімдегі оқу кемшіліктерінің нелер екені анықталмайды. Егер кез келген сабақтағы қол жеткізуді көздейтін мақсаттардың бір бөлігі, яғни оларды белгілі бір үлгісі өлшенген жағдайда, әр оқушы үшін «салыстырмалы» білім көрсеткіштерін есептеуге болады. Мысалы, оқушылардың үйренуі керек жаңа дағдыны қаншалықты меңгергендігі туралы айтуға болады, бірақ бұл білім өзінің кемшілігін түзеуге тырысатын оқушыға көмектесу үшін жеткіліксіз. «Сіз үйренуіңізге тиесілілерді жартысына ғана ол жеткіздіңіз; жартысын тағы үйренуіңіз керек» деген кері байланыс сабақтағы кемшіліктерін жөндеуге тырысатын оқушыға айтарлықтай көмек бере алмайды. Оқушыға оның кемшілігі нелер екенін жеке-жеке және нақты айқын айтылғанда ғана, ол өзінің кемшіліктерін толықтыру арқылы білім деңгейін көтере алады. Өз кезеңінде, қажетті құзыреттілік пен тұрақтылыққа жетпеген, дамуында жетіспейтін ерекшеліктер де анықталуы керек және осы ерекшеліктерді дамыту да қажеттілігі туралы оқушыға анық жеткізілуі керек. Тек осы әрекеттерден кейін оқушы, оған мүмкіндік берілсе, өзінің кемшіліктерін толықтырып түзете алады. Мақсаттарда қамтылған барлық мінез- құлық ерекшеліктерінде қажетті құзыреттілік пен тұрақтылық деңгейіне жете алады. Оларды тиісті оқуын қажетті деңгейге көтеруі үшін оқушыны, өзінің үлгеріміндегі кемшілігі неде екенін нақты білуі керек, алайда кемшіліктерді білуі, бұл кемшіліктерді толықтыруы үшін қажетті болғаны мен қатар жеткіліксіз болып табылады. Сондай-ақ оқушыға өзінің кемшіліктерін толықтыру мақсатында пайдалана алатын тиімді жол әдісін көрсету керек. Оны, осы жолда қажет деп саналатын барлық көмек түрімен қамтамасыз ету керек. Бір оқушыны, біліміндегі кемшілігін толықтыруда қолданатын тиімді жол әдісін көрсету үшін, оны біліміндегі кемшілігін білу жеткіліксіз. Оқушының бұл кемшіліктерін туындатқан себептер де белгілі болуы керек. Оқудағы қиындықтарды келесі жолмен анықтауға болады: жоғарыдағы кестеде көрсетілген кезеңдік мақсаттар тізбегіндегі барлық элементтері жеке-жеке өлшенеді. Егер оқушы кез келген мақсатты тізбекті соңғы буынын құрайтын мінез- құлық ерекшелігіне байланысты сұраққа жаңылыс, сол тізбекті бас а буындарына байланысты сұрақтарға дұрыс жауап берген болса, онда бұл оқушы тек соңғы буындағы мінез- құлық ерекшелігіне ие болмады деп қабылданады. Оқушы осы соңғы буында анықталған мінез- құлық ерекшелігін игерте алатын, осы мақсатқа қызмет ету деңгейі дәйектелген әртүрлі оқыту үрдісіне тартылады. Егер оқушы, кезеңдік мақсаттар тізбегіндегі элементтерге байланысты барлық сұраққа қате жауап берсе, ол мінез- құлық ерекшелігінің ешқайсысына қол жеткізбеген болып саналады. Оқушы осы соңғы жағдайда алдымен тізімдегі барлық элементтерді игеруге негіз қалыптастыратын мінез- құлық ерекшелігіне (алғышарт) элементті меңгертуге әлеуеті дәлелденген әртүрлі оқыту үрдісіне тартылады. Бұл жұмыстан кейін, оқушыны осы элементтің негізінде екінші элементті үйренуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттерге тарту басталады. Оқушының барлық кемшілігі осындай тәртіпте толықтырылады. Егер жоғарыдағы кестедегідей кезеңдік мақсатты тізбектердегі

мінез- құлық ерекшеліктері қалыптасқан кезде жалпылай осы екі жағдайдың бірі негізгі мәселе болуы мүмкін. Оқушы бұл мінез- құлық ерекшелігін, алғышарты болған, яғни сол ерекшелікті игеру кезінде құрал ретінде пайдаланылуы керек басқа бір мінез- құлық ерекшелігін осыдан бұрынырақ игермеуі себепті, игере алмаған болуы мүмкін немесе оқушы мінез- құлық ерекшелігінің алғышартты қасиетіне ие болғанымен, оны ұсынылған түрде қолданып «соңғы қадамда» жасай алмады. Бірінші жағдайда, оқушыға кемшілікті толықтыру жолы ұсынылады, алдымен алғышарт ерекшелікті игеру және содан кейін де, соны құрал ретінде қолданып кемшілік болып көрінген, жоғары деңгейдегі келесі мінез- құлық ерекшелігін игеруге кірісу. Екінші жағдайда ұсынылатын кемшілікті толықтыру жолы болса, соңғы мінез- құлық ерекшелігінің игерілуі үшін басқа бір тұрғыдан тағы бір мәрте оқыту. Бақылау тестінде пайда болатын жағдай тұрғысынан, оқушыға ұсынылуы мүмкін осы екі кемшілікті толықтыру әдісінің арасындағы айырмашылықтың маңызы зор. Егер алғышарттарда елеулі кемшіліктері бар оқушыға жоғарыдағы бірінші жолдың орнына екінші жол ұсынылса, оған көмектеспейді. Керісінше оқушы тығырыққа тіреледі.


КУРСТЫҢ ОҚУ ДЕҢГЕЙІ

Бір сабақ немесе түгел курста орындалған мақсаттарға сәйкес келетін оқу (жетістік) деңгейін анықтау үшін, бөлімдерге (сабақты бірлігі) қарағанда басқа жолды ұстану керек. Бұл өзгешеліктің негізгі себептері мынада: бір сабақ немесе түгел курста орындалған мақсаттарға сәйкес оқу деңгейін анықтаудың мақсаты, тәрбиелік бағыттау, құзыреттілікті анықтау, оқушылардың сынып немесе курстан өткеніне негіз болатын баға қою, оқытудың тиімділік дәрежесін анықтау және т.б. үшін қажетті ақпаратты жинау болуы мүмкін. Сынып немесе курс соңындағы кезеңде өткізілетін бір өлшеу арқылы оқытудағы кемшілік пен қиындықтарды анықтау мүмкін емес. Әрине, бұл кезеңде оқытудың кемшілігін түзетуге тым кеш болады. Осы себептерге байланысты, бір сабақ немесе курсты оқу деңгейін анықтау үшін жүргізілетін өлшемдер, оқудың кемшілігі мен қиындықтарын анықтауға арналған өлшемдерден өзгеше. Егер тек оқу деңгейі анықталатын болса, өлшеу нәтижелерінің, үйрену қажет барлық нәрсеге негізделген, яғни өлшеу құралы барлық мінез-құлық ерекшеліктерін қамтуы міндетті емес. Осы мақсатта, көзделген мінез-құлық ерекшеліктерінің жеткілікті үлгісімен қанағаттануға болады. өлшеу құралында іріктелген белгілерді детерминанты болып табылатын негізгі сыни ерекшелікті ғана қарастыру жеткілікті болуы мүмкін. Осылайша, кейбір мақсаттар үшін жеткілікті деп санауға болатын өлшемдерді, экономика тұрғысынан тиімді түрде алуға болады. Сабақ немесе курстың мақсаттарында қарастырылатын мінез-құлық ерекшеліктерінің барлығы, мектеп жағдайында қолдануға болатын тек бір тестімен өлшеуге қарағанда, тым көп. Сабақ немесе курсты барлық мақсаттарының бағытымен ілгерілеуді толық анықтай алу үшін тексерілуі қажет сыни мінез-құлық саны, тестіге немесе тест тапсырмаларына енгізуге болатын

материал (сұрақтар) санынан немесе бір ретте қолдануға жарамды тест жағдайларынан әлде қайда көп.


Бір қарағанда шешуге қиын мәселе болып көрінетін бұл жағдайда қосымшалар, әдетте, былайша жасалады. Мысалы, оқытудың тиімділігін анықтау мақсатында жүргізілетін өлшеулерде, бір оқушылар тобының мақсатқа қол жеткізу дәрежесін анықтау үшін, барлық оқушысы бірдей тапсырмалардан тұратын тест тапсыруы немесе осы топты барлық оқушыларын бірдей тест жағдайларынан өткізілуі талап етілмейді. Оның орнына, тапсырмалары немесе тест тапсырмалары бөлімдерге бөлінеді және оларды әр қайсысы оқушы топтарының белгілі бір үлгісіне қолданылады. Тағы бір мысал келтірейік: егер оқушыны бағалауда қолданылатын ақпарат алу керек болса, бұл жолы оқушылар емес, мақсаттар үлгіленеді. Оқушылардың оқу деңгейлерін анықтау туралы сөз болғанда, кезеңдік мақсат тізбесіндегі барлық элементтерді емес, тек қана жоғары деңгейдегілерді қарастыруға болады. Жоғары деңгей элементтерінің меңгерілгені немесе меңгерілмегеніне қарап олардың негізін құрайтын төменгі деңгей элементтері меңгерілгені немесе меңгерілмегені туралы шешімін қабылдауға болады. Шынында да, мақсаттарды кезеңдік тізбесінің соңғы элементтерінің меңгерілгені, кезеңділіктің (прогрессивтік) өлшемімен шектеліп, алғашқы элементтердің игеріліп, игерілмегендігін де көрсете алады. Мақсаттарды кезеңдік тізбесіне кірмейтін элементтердің болса, тек маңыздылары ғана сұралады. Сондай-ақ осы соңғы мақсатта, барлық үйренілуі күтілген элементтердің тек репрезентативті (өкілдік) бір үлгісін тексеру жолын ұстануға болады. Бір сабақ немесе курстың мақсаттарына сәйкес оқыту деңгейін анықтай отырып осы сабақ немесе курстағы оқушылардың үлгеріміне немесе оқытудың тиімділігіне қатысты бір «жағдай есебі» жасалатын болса, бұған негіз болатын өлшеулерді, осы сабақ немесе курстың белгілі бір кезеңінің не болмаса, әдеттегідей бәрінің соңында өткізілуі қажет. Бұл жерде, бөлім сабақтың немесе курсты бір бөлігі деп қабылдауды, сондықтан бөлімнің соңында өткізілген бақылау тестілерін де осы мақсатта пайдалануға жарамды деуге болады, алайда бақылаудың нәтижелерін осылайша оқушылардың оқу үлгерімін бағалау үшін қолдану, маңызды қатерлер тудырады. Бөлім соңында берілген бақылау тестілері оқыту үдерісінің бір бөлігі болып табылады. Бұл тестілердің оқудың кемшіліктері мен қиындықтарын анықтау үшін және кемшіліктерді түзетіп толықтыру арқылы оқыту деңгейін көтеру үшін қолдану керек. Оларды бағалау мақсатында пайдалануға болмайды. Әйтпесе, осы тестілердегі оқу деңгейлері күтілгеннен төмен және әсіресе, ұзақ мерзім бойы оқитын оқушыларға, олардың үлгерімін әлсіретуі мүмкін. Мұндай оқушылар белгілі бір уақыт өткеннен кейін жағымсыз өзгерістерге мәжбүрленуіне және нәтижесінде өз-өзіне сенімін (өзіндік тұжырымдама, қабілет туралы түсінік) жоғалтуы мүмкін (Bloom, 1976; Kifer, 1973). Оқушылардың оқу деңгейлері мен оқытудың тиімділігі туралы «мәртебелік есепке алу» үшін негіз болатын мәліметтер бақылау тестілерін қоспаған да, белгілі бір уақыт аралығында қолданылатын деңгейлерді анықтау тестілерімен жиналуы керек. Жағдайға байланысты бұл өлшемдер кезеңнің немесе жылдың жартысында және соңында, сондай-ақ тоқсан ішінде және

соңында жүргізілуі мүмкін. Ең дұрысы, бұл өлшемдерді әр үш немесе төрт бөлімге бір рет және сабақ немесе курс соңында өткізілуі керек. Төменде кестеде көрсетілген.



Мақсаттарға сәйкес оқу (жетістік) деңгейін анықтау үшін қолданылатын тестілерде нені және қалай өлшеу керек? Бұл сұраққа жауап беруден бұрын оны сабақ немесе курстың мақсаттарында қамтылған мінез-құлық ерекшеліктері тұрғысынан құрылымына біраз назар аудару керек. Сабақты немесе курсты әр түрлі бөлімнен немесе тақырыптан тұратындығы және осы бөлімдер немесе тақырыптар арасында белгілі бір қатынастар (еңбек бөлінісі) бар екендігі оқушыларға мақсаттарда қамтылған мінез- құлық ерекшеліктерін игерту тұрғысынан айтылған болатын.

Мақсаттар бойынша бөлімдер



Сабақты бөлімдерге бөлуді қарастыра отырып, мұндай сабақтың мақсаттары арасындағы корреляция берілген кестедегідей болады деп күтуге болады. Егер жоғарыда құрылымы мақсат-бөлім қатынастары тұрғысынан құрылған «X» сабағыны алғашқы үш бөлімін қамтитын бір деңгей анықтаушы (жетістік) тест дайындалатын болса, осы тест нелер және қалай өлшенуі керек? Назар аударсаңыз, сабақтың осы бөлігінде, яғни алғашқы үш бөлімде оқушыларға үйретілуі көзделген 12 мінез- құлық ерекшеліктері бар. (A, B₁, B₂, B₃, C₁, C₂, D₁, D₂, E₁, E₂, V және G₁). Оның ішінде B₁ және B₂, B₃ үшін; C₁, C₂ үшін; D₁, D₂ үшін; E₁ - де E₂ үшін алғышарт. Басқаша айтқанда, B₃-ті үйрену үшін B₁ және B₂-ні ; D₂ үйрену үшін D₁-ді бұрын оқылған болуы керек. Басқа көз қарас тұрғысынан жағдай келесідей: егер оқушының мінез- құлық ерекшелігін B₃ деп белгілейтін болса, онда бұл оқушыны осы мінез- құлық ерекшелігінің алғышарттары болып табылатын B₁ және B₂ белгілері көрсетілген мінез- құлық ерекшеліктері де болуы керек. Егер оқушының құзыретінде D₁ мінез- құлық ерекшелігі болса, бұл оқушының мінез- құлық ерекшелігінде D₂ белгісі болуы керек. Мұндай тұжырымдардың алғышарттық қатынастан алуға болады. Өлшеу нәтижелеріне сүйеніп, оқушылардың оқу кемшіліктерін және осы кемшіліктерді ықтимал себептерін анықтау жұмысы жасалмаса (әдетте жасалмайды), кезеңдік мақсат тізбесіне енген ең жоғарғы деңгейдегі мінез-құлық ерекшеліктері мен кезеңдік мақсат тізбесіне енген маңызды мінез- құлық ерекшелігінің бағалануы жеткілікті болуы мүмкін. Бағдарламада көзделген құзыреттілік пен тұрақтылық дәрежесімен тек қана осылардың тексерілу жолын

алуға болады. Бұл «жағдай есебі» негіздеуші мәліметтер алу үшін жеткілікті болуы мүмкін. Курстың 4-6 бөлімдері үшін бір деңгей анықтау тесті дайындалатын болса, жоғарыда келтірілген оймен, тестіде тек E3, G3, H3, I, J, K және L1 көрсетілген мінез- құлық ерекшеліктерін қарастыруға болады. Бағдарламада болжанған құзыреттілік пен тұрақтылық деңгейлерімен тек осыларды тексеруге болады. Егер сабақтың алғашқы алты тақырыбы үшін белгілі бір тест тапсырмасы дайындалу керек болса, A, B3, C2, D2, E3, G3, H2, I, J, K және L1 көрсетілген мінез- құлық ерекшеліктерін қарастыруға болады. Бағдарламада болжанған қажетті құзыреттілік пен тұрақтылық дәрежесінде тек бұларды тексеруге болады. Оқушының осы мінез- құлық ерекшеліктерінің бағдарламада болжанған құзыреттілік пен сенімділік деңгейлеріне ие болғаны байқалса, келесі қорытындыға келуге болады: бұл оқушы сонымен қатар мінез- құлық ерекшелігінің алғышарттарын құрайтын басқа мінез- құлық ерекшеліктерін де игерген болуы керек. Егер оқушының бойында бұл мінез- құлық ерекшеліктері болжамдалған құзыреттілік пен тұрақтылық деңгейлерінен табылмайтындығы байқалса, онда байқалған кемшіліктерге сәйкес оқушының оқу деңгейі төмен деген қорытынды жасауға болады. Жоғарыда келтірілген мысалдарда, өлшеуге ұсынылған мінез- құлық ерекшеліктерінің кейбіреулері басқаларына қарағанда айқынырақ , сондықтан оқушыларға оны меңгеру оңай деп саналады. Осы соңғы топтағы мінез- құлық ерекшеліктері басқаларға қарағанда онша маңызды емес деген қысқаша жалпылама жасауға болады. Мысалы, бұл жеке басқа ешқандай мінез- құлық ерекшеліктерімен байланыссыз алғашқы бөлімде оқушыларға игертілуі болжанған A мінез- құлық ерекшелігінің, кезеңдерге бөлінген бір мінез- құлық ерекшелігінің тізбесінде соңғы және жоғары буынын қалыптастыратын B3 мінез- құлық ерекшелігінен де айқынырақ , оқушыларға оны меңгеру оңайырақ және маңызсыздау деген ой оралуы мүмкін, алай да мұндай пікір де дұрыс болмауы да мүмкін. 4-кестеде A-мен көрсетілген құзырет ерекшелігі жалғыз және ешқандай алғышарттарды қажет етпейтін сияқты болғанымен, оқушыларға игеру қиын болуы мүмкін. Дәл сол атрибут кейбір әлеуметтік, идеологиялық , экономикалық т.б. себеп тер бойынша біртіндеп мақсаттар тізбесінің соңғы буынында болуы мүмкін басқа мінез- құлық ерекшеліктеріне қарағанда маңызды болуы мүмкін (мысалы, B3-тен). Демек, бір деңгей анықтау тестінде қарастырылатын мінез- құлық ерекшеліктерінің қандай салмақтағы (мысалы, қанша тапсырма) тестте көрінетіні, маңызды және ерекше назарға алынатын жағдай. Бұл соңғы мәселе, атап айтқанда, мінез- құлық ерекшелігін өлшеу үшін тестіде кездесетін сұрақтардың типі мен саны, тестілеу кезінде алынатын шаралардың әртүрлі мақсаттары үшін сенімділігі және жарамдылығы бірге қарастырылуы керек. Нәтижесінде кез келген сабақ немесе курста туындайтын мақсаттарға сәйкес оқу деңгейін (жетістігін) анықтағанда, бұл сабақ немесе курста осы уақытқа дейін үйренуі күтілетін мінез- құлық ерекшеліктерінен, кезеңдік тізбе құраушыларының соңғы буындар мен ешқандай кезеңдік тізбеге енгендерінің арасында маңыздылары анықталуы мүмкін. Мұның өзі «жағдай есебі» болып табылатын көптеген мақсат үшін жеткілікті деп саналатын өлшемді бере алады.

2-тарау. Жалпы білім беретін мектепте оқытылатын пәндерді меңгеру сапасының өлшеуіштері

2.1 Нормативтік құқықтық актілер

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында:

білім беру – имандылық, зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі;

білім беру мазмұны - жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі (кешені);

білім беру мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларымен айқындалады;

білім беру бағдарламасы – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені;

білім алушыларды аралық аттестаттау – білім алушылардың бір оқу сабағының, бір оқу пәнінің және (немесе) модульдің, сондай-ақ бір біліктілік шеңберінде кәсіптік модульдердің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын оларды зерделеп бітіргеннен кейінгі меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім - деп көрсетілген [1].

Мемлекеттік білім беру стандартында оқу пәні бойынша білім мазмұны мен күтілетін нәтижелері анықталады, оқу жоспары тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу сабақтарының, оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің, кәсіптік практиканың, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, реттілігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейді, оқу бағдарламасында әрбір оқу сабағы, әрбір оқу пәні және (немесе) модуль бойынша меңгерілуге тиіс білімнің, машықтың, дағды мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындалады [2, 3, 4].

Оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу тәртібі анықталған «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары» құжатында *бағалау* дегеніміз білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін

оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген өлшемшарттар негізінде салыстыру процесі; ал *бағалау өлшемшарттары* дегеніміз білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізуге негіз болатын белгі деп көрсетілген [5].

Сонымен, оқу процесінің құрамдас бөліктерінің бірі – білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау. Қазіргі кезде жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың оқу жетістігін анықтау критериалды бағалау жүйесі арқылы жүргізіледі.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және ол ақпаратты оқу процесін жетілдіру үшін барлық қатысушыларға ұсыныстар беру, белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру болып табылады.

Білім алушының оқу жетістігін бағалау жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көрсетілген күтілетін нәтижелермен және оқу бағдарламаларында берілген оқыту мақсаттарымен (оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқыту курсы кезінде білу, түсіну және дағдыларға қолжеткізу бойынша күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын пайымдаулар) тікелей байланысты [2, 4].

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін бағалау өлшемшарттары әзірленген құжатта:

- өлшемшарттарды бағалау (білім алушылардың оқу жетістіктерін оқу процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі нақты айқындалған өлшемшарттарымен, білім берудің тиісті мақсаттары және мазмұнымен салыстыруға негізделген процесс);

- бағалау өлшемшарттары (қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім мен білім алушыға оқу мақсатына жеткенін тануға мүмкіндік беретін тұжырымдар (табыс өлшемшарттары), жиынтық бағалау кезінде білім алушы жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалауға мүмкіндік беретін тұжырымдар (балдарды қою өлшемшарттары)) ұғымдары берілген [6].

Білім алушылардың тілдік емес пәндер, оның ішінде математика бойынша оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары (білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау) оқу материалын меңгерудің деңгейлерін бағалауға негізделген.

Келесі қарастырылатын мәселелер, құндылықтарға негізделген білім беру үдерісінің оқу мақсаттарында қамтылған, білім алушыларға меңгертілуі көзделген *функционалдық сауаттылық және оқу сауаттылығы* деген мінез-құлық ерекшеліктеріне байланысты бағалау жұмысын, жалпы білім беретін мектеп пәндері аясында жүргізудегі ұстанымдарға арналады.

2.2 Жалпы білім беретін мектепте «Қазақ әдебиеті» пәні мазмұнын бағалау өлшемшарттарымен үйлестіру үлгісі

Функционалды сауаттылық бұл білім алушылардың пән мазмұнын меңгеру барысында қол жеткізе алатын білім деңгейі және адамның қолданбалы білімге негізделген өмір мен қызметтің әртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік мәселелерді шешу қабілеті екені белгілі.

Функционалдық сауаттылықтың бір бағыты оқу сауаттылығы болып табылады. Бұл білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері болып табылады.

Оқу сауаттылығы – білім алушылардың мәтін мазмұнын сапалы меңгеруін қамтамасыз ету, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар басқа пәндермен сабақтастық арқылы жалпы адамзаттық құндылықтардың, ұлттық әдебиет пен мәдениеттің үздік дәстүрлерінің негізінде білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік деңгейін дамыту болып табылады.

Қазіргі таңда ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болып табылады.

Білім алушыларды шығармашылықпен жұмыс жасауға және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру білім алушыларды әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады, оқу арқылы танымдық дағдыларын арттырып, білім әлеміне жол ашады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту арқылы білім алушылардың оқу сауаттылығы мәтін мазмұнын түсіне білуі, оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту нәтижесінде қалыптасады. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқығанын өмірлік мақсатында жүзеге асыруы үшін қолдануы бағаланады.

Осы тұрғыдан жалпы білім беретін мектепте «Қазақ әдебиеті» пәні мазмұнында көрсетілген оқыту мақсаттарын иерархиялық реттеуді ұйымдастыру толығырақ қарастырылатын болады.

Жалпыға міндетті білім беру стандартында оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар білім беру салалары бойынша жазылған.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлға

аралық және мәдениет аралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудағы ерекшеліктер – сол сыныпта оқытылатын шығармаларға ортақ тақырыптар аясында мәтіндердің мазмұнын түсіну, мәтінді тұтас қабылдау, интерпретация және шығармашылық жұмысты қамтиды.

Жаңартылған оқу бағдарламасындағы әдеби талдау жүйесі төмендегідей жіктеледі:

1) әдеби талдаудың негізі – әдеби мәтін (шығарма);

2) негізгі зерттеу нысаны – тақырып, идея, сюжет, кейіпкер, құрылым, жағдаят, стиль;

3) үдеріс – диалог, монолог арқылы көзқарасын білдіру (ауызша, жазбаша);

4) аспектілер – оқиғаны түсіну, кейіпкерлерді талдау, мәтінді интерпретациялау, жазушы стиліне баға беру;

5) байланыс – мен, әлем, басқа да мәтін, басқа да оқырман.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту мынадай аспектілерге негізделеді:

1) Оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары. Олар:

- көркем әдебиетті білім алушылардың жас ерекшелігіне сай оқыту, оқу дағдылары мен тұрақты оқу әдетін дамыту;

- әдебиеттің бейнелі тілін түсіну, сөздік қорын кеңейту, ауызша және жазбаша ойын білдіру дағдыларын дамыту;

- әдебиетті өзінің ұлттық мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде бағалап, әртүрлі халықтардың әдебиетімен, мәдениетімен салыстыра оқыту;

- әдебиет арқылы өзінің эстетикалық және этикалық көзқарастарын қалыптастыру;

- әртүрлі ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалауға және мақсатты пайдалануға үйрету.

2) Құндылықтарға негізделген оқыту:

✓ эстетикалық және этикалық;

✓ адамгершілік және руханилық;

✓ отбасы;

✓ мәдениет пен дәстүрлер;

✓ еңбек және өзін-өзі жетілдіру;

✓ білім мен зият;

✓ ынтымақтастық пен өзара көмек;

✓ табандылық пен сенімділік;

✓ патриотизм мен азаматтық.

3) Құзіреттіліктер (оқу мақсаттары арқылы қалыптасады).

4) Мәтін түрлері (ауыз әдебиеті үлгілері, классика, қазіргі әдебиет);

5) Пәнді оқыту арқылы әмбебап дағдыларды дамыту. Олар:

✓ оқу сауаттылығы;

✓ коммуникативтік дағдылар;

- ✓ сыни ойлау;
- ✓ АКТ-ны меңгеру дағдылары;
- ✓ өзін-өзі жетілдіру;
- ✓ оқуға құштарлық;
- ✓ проблемаларды шеше білу.

6) Оқу және білім нәтижелері. Олар:

- жас ерекшелігіне сәйкес әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқиды, оқу дағдыларын дамытады;
- күрделі мәтіндерді еркін және мәнерлеп оқиды және түсіне алады;
- оқылған шығармалардың мазмұны мен кейіпкерлері туралы баяндайды;
- сюжеті мен композициясына, образдарына, шығарма тіліне талдау жасайды, интерпретациялайды;
- көркем шығармаларды оқудың құндылығын түсінеді;
- кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас және кез келген көтерілген мәселелерді, кейіпкерлерді, олардың құндылықтары мен мүдделерін салыстырады.

7) Пәнаралық байланыс: тарих, фольклор, театр, кино, бейнелеу өнері.

Қазақ әдебиеті туындылары жасөспірімдердің рухани қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне сәйкес, қазақша ойлау және сөйлеу, жазу, тыңдағанын түсіну, монолог, диалог, пікірталас жасау дағдыларын қалыптастырып, талдап, тану негізіне сәйкес құрылған.

Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жазылып, өзінің көркем құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу арқылы білім алушы әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады. Оқу мақсаттары белгілі бір тарау бойынша ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген тізімге сай жүзеге асады.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары:

– әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін, әртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын, фольклорда халықтың тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін, терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, көркем шығармалардың бейнелі суреттелуін, оқылатын шығармалардың дәйек сөздерін біледі;

– әлемдік мәдениетте ұлттық көркем мұраның мәнін, мәдениеттің аса маңызды жетістіктерінің бірі ретінде әдебиеттің рөлін, адам өміріндегі көркем әдебиеттің мәнін, әдебиетте құбылыстардың нақты бейнеленуін, әдебиеттің тарихпен, өнермен байланысын, форма мен мазмұн бірлігіндегі көркем шығармаларды, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, шығарманың тақырыбын, идеясын, мәселелерін, шығармадағы автордың көзқарасын, көркем туындылардағы ашық айтылған және бүркеулі түрде айтылған мағыналарды түсінеді;

– әдеби тақырыпқа жазбаша немесе ауызша шағын пікір дайындау кезінде, талдамалық сипаттағы өзіндік мәтін құрастыру, оқыған мәтінге өзіндік түсініктеме беру кезінде, оқырмандар ортасы үшін өзектілігін анықтау және

көркем шығармаларды бағалау үшін, пікірталастарға немесе көпшілік алдында сөз сөйлеуге қатысу, қажетті ақпараттарды іздестіруге пайдаланады;

– оқығанына, тақырыпқа, идеясына және шығарманың композиция, сюжет ерекшеліктеріне өзінің қарым-қатынасын дәлелдеген әртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, кейіпкерлердің негізгі эпизодтарын, іс-әрекетін және амалдарын, әлемдік әдебиет туындыларымен және өнердің басқа түрлерінің туындыларымен салыстыра отырып, көркем шығарманың, жазушының стиль ерекшеліктерін талдайды;

– көркем мәтіннің жанры және түрі жағынан ұқсас шығарманы талдау жолдарын таңдау үшін, көркем шығармаларды талдап қорыту және әлемді тұтастай қабылдау үшін, тарихи деректермен фактілерді салыстыру, әртүрлі жоспарлар құру, қазақ және басқа да халықтардың құндылықтарымен өзара байланысына арналған әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімді, білікті және дағдыны жинақтайды;

– оқылған шығарманы, композициялық, стильдік, бірлік, тілдік ресімдеу тұрғысынан және алған қойылған коммуникативті міндеттердің орындылығы, қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан ауызша және жазбаша пікірлерін білдіру логикасын, өнердің басқа да құралдары арқылы жасалған көркем мәтінді түсіндіруді бағалайды.

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін күтілетін нәтижелерге сәйкес әр сынып бойынша үлгілік оқу бағдарламаларында пәннің базалық мазмұны мен оқыту мақсаттарының жүйесі берілген. Әр қарай тақырыпты баяндау 5-сыныптың мысалында қарастырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес 5-сыныптағы қазақ әдебиеті курсының базалық мазмұны үш бөлімнен тұрады:

1) түсіну және жауап беру:

әдеби шығарманың фабуласы мен сюжеттік дамуы, кейіпкерлер портреті мен образы, шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы;

2) анализ және интерпретация:

салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу, шығармадағы тілдік бейнелеу: теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы, эпикалық шығармадағы автор бейнесі, көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу;

3) бағалау және салыстыру:

шығарманың тарихи құндылығын бағалау, кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау, әдеби эссе, сыни хабарлама жазу.

Оқытылатын көркем шығармалар тізімі:

1) «Керкұла атты Кендебай» ертегісі;

2) «Қобыланды батыр» жыры;

3) Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы;

4) Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі;

5) Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері;

6) Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі;

7) Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты;

8) Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі;

9) Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі;

10) Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі;

11) Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарда курс материалын тоқсандарға бөлінуі 2-кестеде берілген.

2-кесте. Курс материалының Ұзақ мерзімді жоспарда тоқсандарға бөлінуі

Тоқсан	Тақырыптар атауы
1-тоқсан	«Керкұла атты Кендебай» ертегісі
	«Қобыланды батыр» жыры
	Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы
2-тоқсан	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас»
	Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері
3-тоқсан	А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі
	Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты
	М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі
4-тоқсан	Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі
	Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі
	Д.Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі

Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалауды қамтитыны белгілі. Апталық оқу жүктеме сәйкес 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша бағалаудың үш түрі де (қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсан бойынша жиынтық бағалау) жүргізіледі.

Бағалауды жүргізу үшін ең алдымен үлгілік оқу бағдарламасында берілген оқыту мақсаттарын бағалаудың түрлеріне қарай жіктеу өте маңызды.

Жіктеу барысында әр бағалау түрінің өзіндік орны және ерекшеліктері ескеріледі.

Мәселен, қалыптастырушы бағалау барысында әр сабақта білімді меңгеру және дағдының қалыптасу деңгейін анықталады. Яғни, білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындағанын білуге, жиынтық бағалауды жазу алдында олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді. Білім алушылардың білім деңгейін анықтап, оны әрі қарай дамыту үшін мұғалім оқытудағы әдіс-тәсілдерін өзгертеді алады және кері байланыс жасайды.

Жиынтық бағалау – оқу бағдарламаларындағы бөлімдер аяқтаған кезде, тоқсанның соңында жүргізілетін бағалау түрі. Жиынтық бағалау барысында

білім алушының білімді меңгеру, білік, дағдылары мен құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін және алынған нәтижелердің стандарт талаптарына сәйкестігін анықталады.

Қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізу үшін 5-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының «Оқыту мақсаттарының жүйесі» тарауында берілген оқыту мақсаттарын (барлығы 12 оқыту мақсаты) бағалау түрлеріне қарай бөлу үлгісі 3-кестеде берілген.

3-кесте. 5-сыныпта оқыту мақсаттарын бағалау түрлеріне қарай бөлу үлгісі

№	Оқытылатын шығармалар	Оқыту мақсаты	ҚБ	БЖБ	ТЖБ
1	«Керкұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры, Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау;	+		+
		5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	+	+	+
		5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;	+	+	+
		5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	+		
		5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;	+	+	
		5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;	+	+	+
		5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау;	+	+	+
		5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	+	+	
		5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау;	+	+	
		5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау;	+	+	
		5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	+	+	+
2	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас», Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау;	+		+
		5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;	+	+	+

	Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?»	5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;	+	+	+
		5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	+		
		5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы +суреттеулерді табу;	+	+	
		5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;	+	+	+
		5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау;	+	+	+
		5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	+	+	
		5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;	+	+	
		5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	+	+	
3	А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі, Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты, М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау;	+		+
		5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;	+	+	+
		5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;	+	+	+
		5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	+		
		5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;	+	+	
		5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;	+	+	+
		5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау;	+	+	+
		5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	+	+	
		5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	+	+	
		5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;	+	+	

		5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу	+	+	+
4	Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі, Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі, Д.Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау;	+		+
		5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;	+	+	
		5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;	+	+	+
		5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	+		
		5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;	+	+	
		5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;	+	+	+
		5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау;	+	+	+
		5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	+		
		5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау;	+	+	+

Бағалау түрлерін жүргізуде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер, яғни бағалау критерийлері маңызды рөл атқарады. Сондықтан білім алушылардың білімді меңгеру деңгейін анықтау үшін әр оқыту мақсаты өлшенетіндей, бағаланатындай болу қажет.

Критерийлер ұсынылған талаптарға сәйкес бағалау туралы шешім қабылдаудың белгісі болып табылады және дескрипторлар (тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама) арқылы беріледі.

Әрі қарай 5-сыныптағы қазақ әдебиеті курсы оқыту барысында 3-кестеге сәйкес жүргізілетін бағалау түрлеріне қарай білім алушылардың базалық мазмұнды меңгеру сапасының өлшеуіштері туралы баяндалады.

5-сынып. «Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімі

1. Сабақ тақырыбы: «Керкұла атты Кендебай» ертегісі

Оқыту мақсаттары:

5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау;

5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;

5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісін оқытуда «5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

1-4-сызбада «Керкұла атты Кендебай» ертегісін меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі берілген.

4. Оқиға желісі бойынша өз пікірін білдіреді.

3. Ертегінің оқиға желісін (басталуы, байланысы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтайды

2. Шығарманың жанрына қарай фабуласын сипаттап, мәтінге жуық мазмұндайды, сұрақтарға жауап береді

1. Ертегі мазмұнын құрап тұрған жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің, сөз оралымдарының (түсініксіз) мәнін анықтайды

1-сызба. «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің мазмұнын меңгеру сапасының өлшеуіштері.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісін оқытуда «5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

2-сызбада «Керкұла атты Кендебай» ертегісін меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Ертегіде көтерілген басты мәселе арқылы идеясын анықтайды

2. Ертегіде көтерілген басты мәселені анықтайды

1. Ертегінің мазмұны арқылы тақырыбын анықтайды

2-сызба. «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің тақырыбы мен идеясын анықтау сапасының өлшеуіштері.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісін оқытуда «5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

3-сызбада «Керкұла атты Кендебай» ертегісін меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Ертегі кейіпкерлерінің портретін жасайды.

2. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы образын ашады.

1. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін анықтайды.

3-сызба. «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі кейіпкерлер образын ашу сапасының өлшеуіштері.

«Керкұла атты Кендебай» ертегісін оқытуда «5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

4-сызбада «Керкұла атты Кендебай» ертегісін меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулер арқылы кейіпкердің бейнесін ашады.

2. Салыстырмалы мінездеме беру арқылы салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табады.

1. Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне салыстырмалы мінездеме береді.

4-сызба. «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу сапасының өлшеуіштері.

5-сынып. «Адамгершілік – асыл қасиет» бөлімі

2. Сабақ тақырыбы: Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты.

Оқыту мақсаттары:

5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау;

5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау;

5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау.

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын оқытуда «5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

5-сызбада Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

5. Оқиға желісі бойынша өз пікірін білдіреді.

4. Ертегінің оқиға желісін (басталуы, байланысы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтайды

3. Шығарманың жанрына қарай фабуласын сипаттап, мәтінге жуық мазмұндайды, сұрақтарға жауап береді

2. Шығарманың тектік, жанрлық сипаты туралы жалпы ұғымдарды біледі.

1. Әдеби шығарманың мазмұнын құрап тұрған жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің, сөз оралымдарының (түсініксіз) мәнін анықтайды

5-сызба. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятының мазмұнын меңгеру сапасының өлшеуіштері.

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын оқытуда «5.2.2.1 *этикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау*» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

6-сызбада Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін сипаттаудағы автор бейнесін анықтайды.

2. Шығармадағы автор бейнесін ашатын сөздерді, сюжеттер мен мінездеулерді анықтайды.

1. Әдеби шығармадағы автор бейнесін берудегі тәсілдерді анықтайды.

6-сызба. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятындағы автор бейнесін меңгеру сапасының өлшеуіштері.

Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын оқытуда «5.3.2.1 *кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау*» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

6-сызбада Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Кейіпкерлердің образын бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып, баға береді.

2. Кейіпкерлердің образын бүгінгі өмірмен байланыстырады.

1. Әдеби шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бүгінгі білім алушының іс-әрекеттерімен салыстыра талдайды.

6-сызба. Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаятын меңгеру сапасының өлшеуіштері.

2. Сабақ тақырыбы: М. Қабанбай «Бауыр» әңгімесі.

Оқыту мақсаттары:

5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;

5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.

М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесін оқытуда «5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

7-сызбада М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесін меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Әңгімеде көтерілген басты мәселе арқылы идеясын анықтайды

2. Әңгімеде көтерілген басты мәселені анықтайды

1. Әңгіменің мазмұнын баяндау арқылы тақырыбын анықтайды.

7-сызба. М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесінің тақырыбы мен идеясын анықтау сапасының өлшеуіштері.

М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесін оқытуда «5.2.2.1 эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

8-сызбада М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесін меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Шығармадағы автор қолданған сөздер, сөз тіркестері мен сөз оралымдары арқылы автор бейнесін анықтайды.

2. Шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, образы арқылы автор бейнесін ашады.

1. Шығармадағы автор бейнесін берудегі тәсілдерді анықтайды.

7-сызба. М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесіндегі автор бейнесін анықтау сапасының өлшеуіштері.

8-сызба. М. Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесіндегі автор бейнесін анықтау сапасының өлшеуіштері.

Сабақ тақырыбы: А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы.

Оқыту мақсаттары:

5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау;

5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау;

5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу.

А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалын оқытуда «5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

9-сызбада А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

4. Өз ойын дәлелдеу үшін көркем мәтіннен дәйектер келтіреді.

3. Мысалдың тақырыбы мен идеясын ашады.

2. Автордың жеткізгісі келген ойын түсінеді.

1. Мысалдағы көтерілген мәселені анықтайды.

9-сызба. А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалының тақырыбы мен идеясын анықтау сапасының өлшеуіштері.

А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалын оқытуда «5.2.3.1 шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

10-сызбада А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Әдеби шығармадан алған әсерін, көзқарасын ауызша /жазбаша интерпретациялайды.

2. Шығарманың тілдік ерекшеліктерін талдайды.

1. Шығарманың көркемдік құралдарын (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер) ажыратады.

10-сызба. А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалындағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын анықтау сапасының өлшеуіштері.

А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалын оқытуда «5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу» оқыту мақсатына жету қадамдарын қарастырып көрейік.

11-сызбада А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

4. Әдеби шығармадан алған әсерін, көзқарасын талдай отырып, сыни хабарлама жазады.

3. Әдеби шығармадан алған әсерін талдап, сыни тұрғыдан ой қорытады.

2. Жекелеген эпизодтар арқылы құндылықтар мен кейіпкерлерді талдап, оларды шынайы өмірмен байланыстырады.

1. Шығармадағы көтерілген мәселені азаматтық құндылық тұрғысынан талдайды.

11-сызба. А.Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы бойынша 5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып, сыни хабарлама жазу сапасының өлшеуіштері.

2.3 Жалпы білім беретін мектепте «Қазақстан тарихы» пәні мазмұнын бағалау өлшемшарттарымен үйлестіру үлгісі

Жалпыға міндетті білім беру стандартында «Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда тарихи ойлау, өткен және қазіргі

жағдайды, олардың өзара байланысын түсіну мен ұғыну, тарихи, экономикалық, саяси, әлеуметтік ақпарат көздері материалдары бойынша талдау мен негізделген қорытындылар жасау және соның негізінде ешкімге тәуелсіз тұжырым жасау, өзіндік сараланған шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға; патриотизм сезімін тәрбиелеуге, әлеуметтік-мәдени байланыс жағдайында тиімді өзара қарым-қатынасты іске асыру және коммуникативтік құралдарды таңдау үшін белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға; жалпыадамзаттық, этномәдени құндылықтар жүйесіне, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға жеке қатынасын айқындай білуін дамытуға, адамгершілік таңдауды жүзеге асыру үшін қажетті әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды бақылау мен бағалауға бағытталған.

Білім мазмұнына сәйкес білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алған білімдерін практикалық жағдайда тиімді қолдануға және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін пәндік негізгі құзыреттер жүйесін меңгеруінің нәтижесі.

«Қазақстан тарихы» білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытудың негізгі пәндерінің бірі. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту «Қазақстан тарихы» оқу пәні арқылы білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру негізінде, пәндік білім, білік және дағдыларды негізге ала отырып жүзеге асыруға негізделеді.

Білім алушыда қалыптасатын маңызды дағдылар қазіргі ақпараттар ағынында қажетті тарихи ақпаратты табу, оны сыни тұрғыдан бағалау және практикалық мақсаттарда пайдалану болып табылады. Оқу процесінде мәтіннің әртүрлі түрлерін тарихи деректерді, мұрағат материалдарын, тарихи естеліктерді, тарихи шығармалардан үзінділерді, сондай-ақ тарихи картиналарды, карталарды, жазулары бар заттарды, тарихи жәдігерлерді пайдалана отырып білім алушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру маңызды. Бұл білім алушыға әртүрлі ақпарат көздерінен ақпарат алуға, оларды бір-бірімен салыстыруға, ұқсастығы мен айырмашылығын анықтауға, сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Оқу процесінде оқыту мақсаттарына сәйкес әр түрлі сараланған тапсырмаларды жүзеге асыруда білім алушылар ақпаратты талдауға және оны өмірде қолдануға үйренеді.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» пәнін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттары:

- Отан тарихы кезеңдерін, Қазақстан тарихы үрдістерін және ежелден бастап қазіргі күнге дейінгі негізгі оқиғаларды, құбылыстарды, отан тарихында маңызды рөл атқарған, тарихи қайраткерлерді, тарихи даму барысында қалыптасқан ұлттық мәдениеттің маңызды жетістіктерін, тарих ғылымындағы базалық ұғымдарды; тарихи деректердің түрлерін біледі;

- тарихтың барлық кезеңдері бойы отан тарихының дамуының тұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын құбылыстар мен процестерді, негізгі оқиғаларды, Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының сипатты белгілерін; заманауи қоғамдық процестердің тарихи шарттылығын, адамзаттың мәдени әртүрлілігі, тарихи жолының ерекшеліктері,

әлем тарихындағы оның рөлі мен орнын, отан тарихындағы көрнекті тұлғалардың рөлі мен орнын түсінеді;

– өмірлік міндеттер мен мәселелер жағдаяттарын шешу үшін, тарихи картада өзгерістерді анықтауда, түрлі объектілердің орналасуын анықтау кезінде, тарихи тұлғаларды, оқиғалар, құбылыстар, процестерді салыстыру кезінде, тарихи шарттылықтан шыға отырып, заманауи өмірдің құбылыстарына қарым-қатынасы бойынша өз ұстанымын анықтау кезінде; шығармашылық, танымдық, зерттеушілік, жобалық сипаттағы жұмыстарды орындау кезінде, деректанулық талдау элементтерін қолдана отырып тарихи материалдармен жұмыс кезінде, түрлі типтегі деректерден тарихи ақпараттарды іздеу кезінде, практикалық іс-әрекетінде және күнделікті өмірде іздеу, талдау, түсіндіру кезінде алынған білім, білік және дағдыны қолданады;

– тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, себеп-салдар байланыстарын анықтау мақсатындағы процестерді, Қазақстанның тарихи дамуын, жалпы сипатты белгілері мен ерекшеліктерін анықтай отырып; тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін, қорытындыны дәлелдеу үшін ақпараттарды, тарихи параллель өткізу жолымен Қазақстанның даму тенденцияларын, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін; проблемалық мәселелерге жауап үшін түрлі тарихи деректерді, өз бетінше таңдалып/құрастырылған өлшемдер бойынша тарихи фактілерді, сол бұрынғы тарихи оқиғалар, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды талдайды;

– түсіну, жіктеу, жүйелеу, қорытындылау және зерделенген құбылыстар, объектілер мен процестерді саралау үшін алынған білімді, білік дағдыларды, түрлі деректерден алынған тарихи фактілерді кезекті дәлелді қорытындылар және тұжырымдармен, жалпы заңдылықтар анықталуымен процестер, тарихи құбылыстардың сипатты белгілерін, қоғамда өтіп жатқан заманауи саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдарлану үшін білім және дағдыларды жинақтайды;

– тарихи оқиғалар, процестер, құбылыстарды, тұлғалардың отандық тарихқа ықпалы мәнмәтінде олардың әртүрлі түсіндірулерін, әртүрлі тарихи деректердің нақтылығын, қазіргі қазақстандық қоғамның әлемдік экономикада, саясатта және мәдениеттегі рөлін, заманауи өркениеттердің келешегін, оның дамудағы қиындықтары мен проблемаларын, нақты мәселелерді шешуде өзінің саналы белсенділік қабілетін көрсетуді, адамгершілік нормаларына сәйкес белгіленген міндеттерді сындарлы шешу үшін өзінің ұжымда және топта ынтымақтасу қабілетін бағалайды.

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім мазмұны білім алушыларда тарихи сананы, қазақстандық патриотизмді, өз елінің тарихына құрмет көрсетуге, ұлттық және жалпыадами құндылықтарды қалыптастыруға баулу, ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамытуға негізделген.

Пән мазмұны тарихи оқиғалар, фактілер, деректерді егжей-тегжейлі жаттанды оқуға емес, олардың мәнін түсінуге, яғни *тарихи түсініктер* негізінде тарихи ойлау дағдыларын дамытуға бағытталады. Өйткені қазіргі кезеңде білім

алушылардың дұрыс таңдау жасай білу, дұрыс шешім қабылдау, қоғам өміріне жасампаздықпен қатысу, қоршаған ортаны объективті түрде көрсету қабілеттері ерекше маңызға ие. Бұл ретте білім алушылардың бойында аталған қабілеттерін дамыту тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру шеңберінде жүзеге асырылады.

Тарихи ойлау – бұл адамның өткенді, қазіргі және болжамды болашақты ұғынуға бағытталған ақыл-ой қызметі деп анықтама берген И. Я. Лернер: тарихи ойлау құрылымын келесі 9 біліктер негізінде сипаттайды:

- 1) қоғамдық құбылыс пен оқиғаға сай белгілер мен фактілерді таңдай алу арқылы оларға сипаттама бере алу;
- 2) кез-келген қоғамдық құбылыстың пайда болу себептерін анықтай алу;
- 3) тарихи құбылыстармен бірге болатын жағдайларды және олардың өзара байланысын анықтауға ұмтылу;
- 4) кез-келген тарихи құбылыстың ауыспалы табиғаты мен оның тарихи маңыздылығын тани алу;
- 5) тарихи заңдылықтың белгілі бір құбылысының көпқырлығын тани білу;
- 6) әрбір тарихи құбылысқа тән даму үдерістерін анықтай білу;
- 7) қоғамдық топтар немесе белгілі бір тұлғалардың іс-әрекетін анықтайтын әлеуметтік уәждерді анықтай білу;
- 8) өткен кезеңді қазіргі кезеңмен салыстыруда қызығушылықты таныта білу;
- 9) өткен кезеңнің оқиғаларынан сабақ ала білу [6].

Сондықтан «Қазақстан тарихы» оқу пәндерінің базалық мазмұны білім алушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыру және дамытуға негізделген.

Пәнді тарихи түсініктер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мәні мен маңыздылығын, үдерістер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мазмұнын терең түсінуге көмектеседі. Тарихи түсініктер негізінде тарихи материалды талдау жүзеге асырылады. Нәтижесінде, білім алушыларда тек пәндік білім, білік, дағдылар ғана емес, материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасау процесінде проблеманы қоя білу біліктілігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, зерттеу жоспарларын әзірлеу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру сынды кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасының оқу мақсаттары мен тәсілдерін тиімді түрде жүзеге асыру үшін «Қазақстан тарихы» оқу пәні бойынша оқыту процесін төмендегідей тарихи түсініктер негізінде ұйымдастыру қажет:

- өзгеріс және сабақтастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады немесе не өзгеріссіз қалды);
- себеп және салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті, оның салдарлары қандай);
- дәлел (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);

– ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);

– маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде);

– интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи түсініктер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері төмендегі 1-кестеде келтірілген.

Дағды	Тарихи концепт	Күтілетін нәтиже
I. Тарихи деректердің интерпретациясы	1.1. Дәлел	Білім алушылар: - қарастырылып отырған дәлелге қатысты тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдайды, мысалы: аудитория, мақсаттары, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст; - тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасайды; - өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, кей кезде қарама-қайшы айғақтарды біріктіреді.
II. Уақыт пен кеңістікте бағдарлану	2.1. Өзгеріс пен сабақтастық	Білім алушылар: - сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдайды және бағалайды; - сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіреді; - тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіреді.
III. Тарихи талдау және түсіндіру	3.1. Себеп және салдар	Білім алушылар: - бір немесе бірнеше себептердің және /немесе ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдайды және бағалайды; - ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінеді; - тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте

		байланыстырудың әдістерін түсіндіреді және бағалайды
	3.2. Ұқсастық пен айырмашылық	Білім алушылар: - белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстырады.
	3.3. Маңыздылық	Білім алушылар: - қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтайды
	3.4 Интерпретация	Білім алушылар: - белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіреді және бағалайды.

Аталған тарихи түсініктерді оқу процесінде тиімді қолдану білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамытады. Тарихи түсініктер негізінде білім алушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыру мен дамыту сыныптан сыныпқа өткен сайын дамуды қамтамасыз етеді, ол 2-7-кестелерде берілген.

2-кесте – «Дәлел» түсінігі негізінде сыныптар бойынша тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	Білім алушылар...
5-сынып	тарихи деректерді зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап табу
6-сынып	пікірді қолдау немесе сынға салу үшін бірқатар деректерді қолдану
7-сынып	деректі оқу барасында «көзге түсетін ақпарат шегінен» шығу және тарихи сұраққа жауап беруге және белгілі бір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін қорытындылар шығару
8-сынып	алғышарттарын, аудиториясы мен негізгі міндетін ескере отырып, қорытынды шағару үшін деректерді тұжырымдау
9-сынып	негізгі қорытындыларды қолдау мақсатында тарихи деректерді, олардың контексті, аудиториясы мен міндеттері аясында бағалау

3-кесте – «Өзгеріс пен сабақтастық» түсінігі бойынша білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	Білім алушылар...
5 сынып	мысалдар арқылы өзгерістердің орын алуына өзіндік түсіндірме беру
6 сынып	өзгерістер екі уақыт кезеңі арасындағы айырмашылық ретінде қарастырылуы мүмкін екендігін түсіну
7 сынып	өзгеріс пен сабақтастықтың өзара байланысқандығын және кейбір нәрселердің уақыт өте келе өзгеретінін, ал басқалары тұрақты түрде қалатынын түсіну

8 сынып	тарихи өзгерістер ұзақ уақыт кезеңі ішінде үдеріс (ағын) ретінде (қарқындылық, деңгей мен үрдіс жағдайында) сипатталуы мүмкін екендігін түсіну
9 сынып	өзгеріс пен сабақтастықтардың бір уақытта көптеген үдерістері (ағындары) бар екенін түсіну және олардың қалыпты түрде бір-бірімен байланыспайтындығын түсіну

4-кесте – «Себеп пен салдар» тарихи түсінігі бойынша білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	<i>Білім алушылар...</i>
5 сынып	кейбір тарихи оқиғаларға түсіндірме беру
6 сынып	себеп және салдарларды анықтау арқылы өткен заманның оқиғаларына түсіндірме беру
7 сынып	бірқатар себептерді анықтау және олардың өзара байланысын көрсету негізінде белгілі бір оқиғаларға түсіндірме беру
8 сынып	себептердің кең ауқымды диапазонына негізделе және олардың өзара байланысын көрсете отырып, белгілі бір оқиғаларға түсіндірме беру
9 сынып	әрбір факторды толық талдау және олардың зерттеу сұрағымен және бір-бірімен өзара байланысын көрсете отырып, себеп-салдарлық байланыстарға жан-жақты түсіндірме беру

5-кесте – «Ұқсастық пен айырмашылық» тарихи түсінігі бойынша білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	<i>Білім алушылар...</i>
5 сынып	адамдар, қоғамдар және зерттелген объектілер арасында ұқсастықтар мен айырмашылықтарды сипаттау
6 сынып	бір уақыт кезеңі шеңберіндегі әртүрлі қоғамдағы адамдардың тәжірибелері, ой-пікірлері мен нанымдарын түсіну және түсіндіру
7 сынып	ұқсастықтар мен айырмашылықтарды берілген белгілері бойынша жіктеу
8 сынып	тарихи оқиғалар/ құбылыстар/үдерістерді интерпретациялау үшін айқындалған ұқсастықтар мен айырмашылықтардың маңыздылығын анықтау
9 сынып	тарихи контекст пен тарихи перспективаны ескере отырып, айқындалған ұқсастықтар мен айырмашылықтарды бағалау және тұжырымдау

6-кесте – «Маңыздылық» тарихи түсінігі бойынша білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	<i>Білім алушылар...</i>
5 сынып	белгілі бір оқиғалар басқа оқиғаларға қарағанда азды-көпті маңыздырақ болатындығын түсіну
6 сынып	оқиғалардың әсер еткен деңгейін анықтау негізінде тарихи оқиға немесе тұлғаның неліктен маңызды деп саналатынына бірнеше себептер келтіру

7 сынып	қоғамның әртүрлі топтары үшін оқиғаның маңыздылығын анықтау критерийлерін қолдану
8 сынып	белгілі бір уақытта және уақыт өтісімен оқиғаның маңыздылығын анықтау үшін критерийлерді қолдану
9 сынып	әртүрлі адамдар топтарының өзіндік перспективаларына сәйкес маңыздылықты әрқилы интерпретациялау себептерін түсіндіру

7-кесте – «Интерпретация» тарихи түсінігі бойынша білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту

Сыныптар	<i>Білім алушылар...</i>
5 сынып	өткен заман оқиғалары әртүрлі тәсілмен көрсетілгендігін түсіну
6 сынып	өткен заман оқиғалары әртүрлі адамдар тарапынан әрқилы етіп көрсетілгендігін сипаттау
7 сынып	өткен оқиғаларға қатысты адамдардың түрлі пікірлердің орын алу себептерін келтіру және бұл пікірлерді сипаттау
8 сынып	адамдардың неліктен өткен заман оқиғаларының түрлі интерпретацияларын жасағандығын, олардың мақсат-мүдделері мен келтіретін дәлелдерді есепке ала отырып түсіндіру
9 сынып	белгілі бір оқиға немесе тұлға бойынша негізді қорытындылар шығару үшін түрлі интерпретациялар мен пайымдауларды олардың маңыздылығына қарай талдау

Әр сыныпқа арналған дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер білім алушылар жетуі тиіс минимум болып табылғанымен, олардың бір бөлігі келесі сыныптарда қалыптасуы көзделген дағдыларды игеруі мүмкін.

Аталған тарихи ойлау дағдысы білім алушының өткеннің өзгерісі туралы жалпы қабылданған тарихи дәлелдерді сипаттау қабілеттілігінде көрініс табуы тиіс. Білім алушылар тарихи дәйектерді қолдана отырып, бүкіл тарих курсын зерделеу барысында қарапайым сипаттама беруден шындыққа ұқсас тарихи дәлелдерді құруда қолданылатын тарихи деректерді бағалауға қарай алға бағытталуы қажет. Мысалы, 8-сыныпта Қазақстандағы ұжымдастыру тақырыбын оқытуда білім алушылардан фактілерді ескере отырып, аштықтың себептері туралы дәйекті дәлелдер келтіруге тапсырма беруге болады. Себеп-салдар байланыстарын анықтау үшін дәлелдерді қолдану білім алушылардың өткен кезеңдерге терең көңіл бөлуіне ықпал етеді және нақты дәлелдемелермен дәйекті қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың дайын тұжырымдалған материалдарды зерделеуге қарағанда іздену арқылы өздерінің жеке тұжырым жасауы, зерттеушілікке деген қызығушылығын арттырады.

Сонымен «Қазақстан тарихы» оқу пәнін тарихи түсініктер негізінде оқытуда білім алушылар өздерінің зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдыларын дамытады және тарихи үдерістер мен оқиғаларды түсінуді үйренеді.

Білім алушылар:

- болжамдарды ұсынады;
- зерттеуге арналған сұрақтарды құрастырады;
- тарихи зерттеуді жоспарлайды және жүзеге асырады;

- тарихи фактілерді, жәдігерлерді зерттейді және бағалайды;
- тарихи зерттеудің нәтижесін талқылайды, дәйектерді нақтылайды және қорытынды шығару үшін пайдаланады.

Тарихи ойлау әр түрлі деректерден (жазбаша құжаттарды, өнер туындыларын, археологиялық артефактілерді, ауызша және басқа да бастапқы дереккөздерді қоса алғанда) өткен тарихи оқиғалар туралы айғақтарды анықтау, сипаттау және бағалау қабілетін болжайды. Ол қажетті ақпаратты алу, негізделген қорытындылар жасау және осы айғақтарды контексте түсіну қабілетін қамтиды [24].

Белгілі бір тарихи түсініктерге құралған білім беру білім алушылардың бойында нақты оқыту материалының негізінде тарихи ой-сананы қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін күтілетін нәтижелерге сәйкес әр сынып бойынша үлгілік оқу бағдарламаларында пәннің базалық мазмұны мен оқыту мақсаттарының жүйесінен тұратыны белгілі. Әр қарай тақырыпты баяндау 5-сыныптың мысалында қарастырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақстан» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес 5-сыныптағы курсының базалық мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:

1) Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі. Тас дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстанда алғашқы адамның пайда болуы, әлеуметтік ұйымдасудың алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен терімшілік). Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары. Егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы. Ботай мәдениеті. Қола дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстан аумағындағы мыс пен қалайы металдарының кен орындары. Андрон мәдениеті. Қола дәуірі кезіндегі шаруашылық пен қоғамдық құрылыс. Беғазы-Дәндібай мәдениеті. Ә. Марғұлан және басқа да Қазақстанның ежелгі дәуірін зерттеушілер;

2) ежелгі көшпелілердің өмірі. Темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Алғашқы көшпелілердің өмір сүруді қамтамасыз ету жүйесі. Көшпелілердің жылжымалы баспанасы. Алғашқы көшпелілердің дүниетанымы;

3) сақтар. Қазақстан аумағындағы сақ тайпалары. Сақтар тарихы жайлы деректер. Сақтардың саяси тарихы. Қоғамдық құрылысы. Шаруашылығы мен тұрмысы. Материалдық және рухани мәдениеті. «Аңдық стиль». Есік олжасы – «Алтын адам». Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр қорғандары. Тасмола мәдениеті;

4) үйсіндер мен қаңлылар. Үйсіндер. Үйсіндер туралы жазба деректер. Үйсіндердің қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Үйсіндердің қоғамдық құрылысы. Қаңлылар. Қаңлылар тарихына қатысты қытай және парсы деректері. Қаңлылардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Қаңлылардың қоғамдық құрылысы. Үйсіндердің, қаңлылардың археологиялық ескерткіштері;

5) ғұндар (хунну). Қытай деректеріндегі ғұндардың ерте тарихы. Мөде шаньюй-ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың саяси тарихы мен мемлекеттік құрылысы. Халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың Батысқа жылжуы). Аттила және оның жорықтары. Ғұндардың шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ғұндар дәуіріндегі мәдениеттің дамуы;

6) сарматтар. Сарматтардың ежелгі замандағы саяси оқиғаларға қатысуы. Сарматтардың қоныстануы, шаруашылығы мен тұрмысы. Сарматтардың қоғамдық құрылысы. Сарматтардың археологиялық ескерткіштері. Мәдениеті;

7) ежелгі Қазақстан тарихына шолу. Қазақстан аумағындағы ежелгі адамдардың антропологиялық бет-әлпеті. Ежелгі Қазақстан тарихының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен үдерістері. Ежелгі Қазақстанның мәдени мұрасы;

8) өлкетану: Туған өлкенің аңыз-ертегілері. Өлкенің тарихи ескерткіштері. Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар. Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарда курс материалын тоқсандарға бөлінуі 2-кестеде берілген.

2-кесте. Курс материалының Ұзақ мерзімді жоспарда тоқсандарға бөлінуі

Тоқсан	Тақырыптар атауы
1-тоқсан	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады?
	Алғашқы адамдардың өмірі Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?
	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?
	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі Зерттеу сұрағы: Мезолит пен неолит дәуірлерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?
	Ботай мәдениеті Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?
	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?
	Андронов және Беғазы-Дөңдібай мәдениеттері Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?
	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?
	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат
2-тоқсан	Қазақстан аумағында темірдің игерілуі Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті?

	Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?
	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?
	Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?
	Сақтар туралы тарихи мәліметтер Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?
	"Алтын адам" археологиялық олжасы Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған "Алтын адам" кім болды?
3-тоқсан	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр "патша қорғандары" деп аталады?
	Берел қорғандары Зерттеу сұрағы: Берел қорымынан табылған олжалар сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?
	Тасмола археологиялық мәдениеті Зерттеу сұрағы: "Мұртты обалардың" ерекшелігі неде?
	Сақ патшайымы Томирис Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томирисінің бейнесі қалай сипатталған?
	Шырақтың ерлігі Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?
	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонскийдің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?
	Үйсіндер туралы жазба деректер Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?
	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?
	Қаңлылардың қоғамдық құрылысы Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь қаңлы қоғамын қалай сипаттады?
	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?
4-тоқсан	Ғұн тайпаларының бірігуі Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй "Жер – мемлекеттің негізі" деді?
	Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?
	Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?
	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?
	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?

	Сарматтардың саяси тарихы Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?
	Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?
	Ежелгі Қазақстанға саяхат

Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалауды қамтитыны белгілі. Апталық оқу жүктеме сәйкес 5-сыныпта «Қазақстан тарихы» пәні бойынша бағалаудың үш түрі де (қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау, тоқсан бойынша жиынтық бағалау) жүргізіледі.

Бағалауды жүргізу үшін ең алдымен үлгілік оқу бағдарламасында берілген оқыту мақсаттарын бағалаудың түрлеріне қарай жіктеу өте маңызды.

Жіктеу барысында әр бағалау түрінің өзіндік орны және ерекшеліктері ескеріледі.

Қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізу үшін 5-сыныптағы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының «Оқыту мақсаттарының жүйесі» тарауында берілген оқыту мақсаттарын (барлығы 25 оқыту мақсаты) бағалау түрлеріне қарай бөлу үлгісі 3-кестеде берілген.

3-кесте. 5-сыныпта оқыту мақсаттарын бағалау түрлеріне қарай бөлу үлгісі

№	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары	ҚБ	БЖБ	ТЖБ
1	Кіріспе сабақ Зерттеу сұрағы: Қазақстанның ежелгі тарихында не оқытылады?	Ежелгі Қазақстан тарихына жалпы шолу	+		
2	Алғашқы адамдардың өмірі Зерттеу сұрағы: Алғашқы адамдар қалай өмір сүрді?	5.1.1.1 алғашқы адамдардың антропологиялық белгілерін сипаттау;	+		+
		5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шығармашылық түрде көрсету	+		
3	Қазақстан аумағындағы тас дәуірінің тұрақтары Зерттеу сұрағы: Археологтар Қазақстан жерінен тас дәуіріне жататын қандай олжаларды тапты?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу;	+		
		5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;	+	+	+
		5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау	+		

4	Адамдардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер және еңбек құралдарының жетілдірілуі Зерттеу сұрағы: Мезолит пен неолит дәуірлерінде алғашқы адамдардың өмірі қалай өзгерді?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау;	+	+	+
		5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау	+		
5	Ботай мәдениеті Зерттеу сұрағы: Не себепті ботайлықтарды жылқыны алғашқы қолға үйретушілер деп атайды?	5.4.1.1 ежелгі адамдардың кәсібін сипаттау	+		+
6	Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы Зерттеу сұрағы: Қазақстан жерінде металды өндіру ежелгі адамдардың өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру	+		+
7	Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттері Зерттеу сұрағы: Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерінің қандай ерекшеліктері бар?	5.2.2.2 археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов және Беғазы-Дәндібай мәдениеттерінің белгілерін анықтау;	+	+	
		5.2.2.5 Ә.Марғұланның Қазақстан археологиясының дамуына қосқан үлесін айқындау	+		
8	Қазақстандағы жартастарға салынған ежелгі суреттер Зерттеу сұрағы: Тасқа салынған суреттер ежелгі адамдардың дүниетанымын қалай бейнелейді?	5.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдерін сипаттау;	+		
		5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау	+		
9	Ежелгі адамдардың өміріне саяхат	5.1.2.1 алғашқы адамдардың тұрмыс- тіршілігін шығармашылық түрде көрсету	+		
10	Туған өлкенің аңыз-ертегілері	5.2.2.9 өлкенің аңыз-ертегілерінің мән-мағынасын түсіндіру			
11	Қазақстан аумағында темірдің игерілуі Зерттеу сұрағы: Темір өндіру адамдар өмірін қалай өзгертті?	5.4.2.2 металл өндірісі жетілуінің шаруашылық салаларына тигізген ықпалын түсіндіру	+	+	+
12	Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы Зерттеу сұрағы: Көшпелі мал	5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру;	+		+

	шаруашылығы неліктен Қазақстанның ежелгі тұрғындары шаруашылығының негізгі түріне айналды?	5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін білу	+	+	
13	Ежелгі көшпелілердің материалдық мәдениеті Зерттеу сұрағы: Көшпелілер баспанасының ерекшелігі неде?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау;	+		
		5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну	+	+	
14	Ежелгі көшпелілердің дүниетанымы Зерттеу сұрағы: Көшпелілердің қандай салт-дәстүрлері бүгінгі күнге дейін сақталды?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	+		+
15	Сақтар туралы тарихи мәліметтер Зерттеу сұрағы: Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?	5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;	+	+	
		5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	+		+
16	"Алтын адам" археологиялық олжасы Зерттеу сұрағы: Есік обасынан табылған "Алтын адам" кім болды?	5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу;	+		
		5.2.2.4 Есік обасынан табылған "Алтын адам" археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау;	+	+	+
		5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	+		
17	Өлкенің тарихи ескерткіштері	5.2.2.8 өлкедегі тарихи ескерткіштердің құндылығын түсіну			
18	Шілікті және Бесшатыр патша қорғандары Зерттеу сұрағы: Неліктен Шілікті мен Бесшатыр "патша қорғандары" деп аталады?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;	+	+	
		5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;	+		
		5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	+	+	
19	Берел қорғандары Зерттеу сұрағы. Берел қорымынан табылған олжалар	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;	+		

	сақтардың мәдениетін қалай сипаттайды?	5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау;	+		
		5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау	+		+
20	Тасмола археологиялық мәдениеті Зерттеу сұрағы: "Мұртты обалардың" ерекшелігі неде?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;	+		
		5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау	+		
21	Сақ патшайымы Томирис Зерттеу сұрағы: Тарихи деректерде Томирисің бейнесі қалай сипатталған?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	+	+	+
22	Шырақтың ерлігі Зерттеу сұрағы: Сақтар тәуелсіздік үшін қалай күресті?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	+		
23	Сақтардың Александр Македонский әскеріне қарсы күресі Зерттеу сұрағы: Неліктен Александр Македонский дің сақтарға жасаған жорығы сәтсіз аяқталды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	+		
24	Үйсіндер туралы жазба деректер Зерттеу сұрағы: Қытай авторлары үйсіндердің өмірін қалай сипаттады?	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру;	+	+	+
		5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;	+		+
		5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	+	+	
25	Қаңлылардың қалалық мәдениетінің дамуы Зерттеу сұрағы: Қаңлыларда қала мәдениетінің дамуы немен байланысты?	5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру;	+		
		5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	+		
26	Қаңлылардың қоғамдық құрылысы Зерттеу сұрағы: Сыма Цянь	5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру;	+		+

	қаңлы қоғамын қалай сипаттады?	5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	+		+
27	Үйсіндер мен қаңлылардың материалдық және рухани мәдениеті Зерттеу сұрағы: Үйсіндер мен қаңлылар мәдениетінің ерекшеліктері қандай?	5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау;	+	+	
		5.2.2.6 көшпелілердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсінуге	+		+
28	Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар	5.3.1.3 тарихи тұлғалардың туған өлке тарихындағы ролін түсіндіру	+		
29	Ғұн тайпаларының бірігуі Зерттеу сұрағы: Неге Мөде шаньюй "Жер – мемлекеттің негізі" деді?	5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;	+		
		5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру	+	+	
30	Ғұндардың көрші мемлекеттермен қарым-қатынастары Зерттеу сұрағы: Ғұндармен Ұлы Қытай қорғанының салынуы арасында қандай байланыс бар?	5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	+		+
31	Ғұндардың Батысқа қоныс аударуы Зерттеу сұрағы: Ғұндардың Батысқа қоныстануы қандай өзгерістерге әкелді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету	+	+	+
32	Аттила және оның жаулаушылық жорықтары Зерттеу сұрағы: Ежелгі авторлар Аттилаға қандай баға береді?	5.1.1.3 ғұндардың қоныс аудару бағыттарын тарихи картадан көрсету;	+		
		5.3.2.2 Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасын анықтау	+	+	
33	Сарматтардың қоғамдық құрылысы мен шаруашылық өмірі Зерттеу сұрақтары: Сармат қоғамы несімен ерекшеленеді?	5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;	+		+
		5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау	+		
		5.3.1.1 картада тайпалық одақтардың орналасуын көрсету	+		
		5.1.2.2 әлеуметтік топтардың ерекшеліктерін түсіндіру	+	+	

34	Сарматтардың саяси тарихы Зерттеу сұрағы: Сарматтар қандай мемлекеттермен өзара қарым-қатынаста болды?	5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау	+	+	
35	Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты Зерттеу сұрағы: Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпаты қалай өзгерді?	5.1.1.2 Ежелгі Қазақстан адамдарының антропологиялық тұрпатын анықтау	+	+	
36	Ежелгі Қазақстанға саяхат	5.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау;	+		
		5.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы мен егіншіліктің қалыптасуын түсіндіру	+	+	
		5.4.2.1 еңбек құралдары мен қару түрлерін сипаттау	+		
		5.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру	+		+
37	Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер	5.2.2.7 тарихи мұраны жеткізудегі жәдігерлердің рөлін сипаттау			

Бағалау критерийлері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда маңызды. Бағалау дескрипторлар (тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама) арқылы анықталады.

Әрі қарай 5-сыныптағы «Қазақстан тарихы» курсының оқыту барысында 3-кестеге сәйкес жүргізілетін бағалау түрлеріне қарай білім алушылардың базалық мазмұнды меңгеру сапасының өлшеуіштері туралы баяндалады.

5-сынып.

Сақтар бөлімі

Сабақ тақырыбы: Сақтар туралы тарихи мәліметтер

Оқыту мақсаттары:

5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету;

5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру

Сақтар туралы тарихи мәліметтер **тақырыбында 5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету оқыту мақсаты берілген.**

1-сызбада «Сақтар туралы тарихи мәліметтер» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. картадан сақ тайпалық одақтарының орналасқан жерін анықтау

2. сақ тайпалары мен олардың қоныстануы туралы ежелгі грек және парсы дереккөздері деректерін салыстыру



2. Тарихи деректерді қолдана отырып тиграхауда, хаомаварга, парадарайя сақ тайпалары атауларының мәнін сипаттау

1-сызба. «Сақтар туралы тарихи мәліметтер» тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері

Сақтар туралы тарихи мәліметтер *тақырыбында 5.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру оқыту мақсаты берілген.*

2-сызбада «Сақтар туралы тарихи мәліметтер» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Сақ тайпалық одағының мемлекеттік белгілерін (аумағы, басқару жүйесі, әскери өнері, салт-дәстүрлері) анықтау



2. Тарихи деректер бойынша сақтардың әлеуметтік топтарының қоғамдағы орны мен рөлін анықтау



1 Тарихи дереккөздерге сүйене отырып сақтардың өмірі мен дүниетанымын сипаттау

2-сызба. «Сақтар туралы тарихи мәліметтер» тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері

2. тақырып: «Алтын адам» археологиялық олжасы

Оқыту мақсаты:

5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу;

5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау;

5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау

«Алтын адам» археологиялық олжасы *тақырыбында 5.2.3.1 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу оқыту мақсаты берілген.*

1-3- сызбада «Алтын адам» археологиялық олжасы тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Бірегей тарихи олжаны зерттеудегі археологтардың рөлін бағалау



2. Археологтің естеліктері бойынша қазба жұмыстарын жүргізу процесін сипаттау



1. Тарихи картадан қорғанның орналасқан жерін және жәдігердің уақытын анықтау

1-сызба. «Алтын адам» археологиялық олжасы тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері

«Алтын адам» археологиялық олжасы **тақырыбында** 5.2.2.4 Есік обасынан табылған «Алтын адам» археологиялық олжасының ерекшеліктерін анықтау *оқыту мақсаты берілген.*

2- сызбада «Алтын адам» археологиялық олжасы тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

4. Алтын адамды тәуелсіздік символы ретінде сипаттау



3. «Алтын адам» археологиялық олжасының бірегейлігін дәлелдеу



2. «Алтын адамның» әлеуметтік жағдайын және оның қоғамдағы рөлін анықтау



1. Тарихи жәдігерлерді сипаттау және тарихи дерек көзі ретінде құндылығын анықтау

2-сызба. «Алтын адам» археологиялық олжасы тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері

«Алтын адам» археологиялық олжасы **тақырыбында** 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау *оқыту мақсаты берілген.*

2- сызбада «Алтын адам» археологиялық олжасы тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

3. Жәдігерлер негізінде сақтардың дүниетанымының мәнін анықтау



2. күміс тостағандағы белгілер арқылы сақтарда жазудың болғанын дәлелдеу



1. «Алтын адам» бұйымдарының (сырға, жүзіктер, алқа, баскиім, белбеу) мәнін сипаттау

3-сызба. «Алтын адам» археологиялық олжасы тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері

3. Сабақ тақырыбы «Берел қорғандары»

Оқыту мақсаттары:

5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау;

5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау;

5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау

«Берел қорғандары» *тақырыбында* **5.2.2.1 археологиялық ескерткіштерді сипаттау оқыту мақсаты берілген.**

1-3- сызбада «Берел қорғандары» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

4. археологиялық ескерткіштің ерекшелігін анықтау арқылы бірегейлігін дәлелдеу



3. археологиялық жәдігелер бойынша адамдардың әлеуметтік жағдайын анықтау



2. Берел қорымынан табылған жәдігерлерге сипаттама беріп, олардың тарихи дереккөз ретіндегі құндылығын анықтау



1.Берел қорымынан табылған жәдігерлердің уақыты мен орнын анықтау

1-сызба. ««Берел қорғандары»» тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері

«Берел қорғандары» **тақырыбында 5.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын сипаттау оқыту мақсаты берілген.**

2- сызбада «Берел қорғандары» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

2. Берел қорымынан табылған археологиялық жәдігерлер негізінде сақтардың дүниетанымын сипаттау

1. Берел қорымынан табылған ғұрыптық және тұрмыстық заттардың мәнін анықтау

«Берел қорғандары» **тақырыбында 5.2.2.3 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау оқыту мақсаты берілген.**

3-сызбада «Берел қорғандары» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

2. археологиялық жәдігерлер негізінде сақтардың мәдени мұрасының құндылығын дәлелдеу

1. Ежелгі көшпенділердің былғары бедерлеу, зергерлік өнер, керамиканы көркем безендірудегі шеберлігін сипаттау

4. Сабақ тақырыбы «Сақ патшайымы Томирис»

Оқыту мақсаттары:

5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

«Сақ патшайымы Томирис» **тақырыбында 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау оқыту мақсаты берілген.**

1- сызбада «Сақ патшайымы Томирис» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

4. тарихи деректер негізінде ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

3. Сақтардың тәуелсіздігін сақтаудағы Томирисінің рөлін анықтау

2. Сақтар мен парсылардың қарым-қатынасын анықтау

1. Тарихи деректер негізінде Томирис патшайымның бейнесін сипаттау

1-сызба. «Сақ патшайымы Томирис» тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері

5.Сабақ тақырыбы «Шырақтың ерлігі»

Оқыту мақсаттары:

5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

«Шырақтың ерлігі» *тақырыбында* 5.3.2.1 Қазақстан аумағындағы ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау оқыту мақсаты берілген.

1- сызбада «Шырақтың ерлігі» тақырыбын меңгеру деңгейін анықтау барысында қолдануға болатын сапа өлшеуіштерінің үлгісі келтірілген.

5. тарихи деректер негізінде ерте көшпелілердің халықаралық сахнадағы орнын анықтау

4. тарихи деректер негізінде сақ жауынгері Шырақтың ерлігін сипаттау

3. Жаулап алушылармен соғыстағы тактиканың маңыздылығын анықтау

2. Картадан парсылардың сақ жеріне жасаған жорығын анықтау

1. Тарихи деректер негізінде сақтар мен парсылардың қарым-қатынасын анықтау

1-сызба. «Шырақтың ерлігі» тақырыбын игеру сапасының өлшеуіштері.

Қорытынды

Бұл жұмыста квалиметрияға сәйкес **сапа** белгілі бір еңбек өнімін тұтынушылар үшін қызығушылық тудыратын **қасиеттердің иерархиялық жиынтығы ретінде** қарастырылады (сурет. 12.2). Қасиеттердің иерархиялық

жиынтығының бастапқы (нөлдік) деңгейінде сапа өнімнің ең күрделі жалпыланған, қасиеті ретінде қабылданады, ал оны құрайтын жалпыланған қасиеттер иерархияның жоғары (бірінші) деңгейінде, яғни ең күрделіден қарапайымға қарай жіктеле қарастырылды т. б.

Квалиметрияның негізгі принциптерінің тұжырымдамалары келтірілді.

Қызығушылық тудыратын, яғни қоғамға қажет қасиеттер – білім беру жүйесі арқылы, білім алушыларға меңгертілуі көзделген мінез-құлық ерекшеліктері екені көрсетілді.

Ғылыми еңбекте анықталған мінез-құлық ерекшеліктері еліміздің жалпыға міндетті білім беру стандартындағы күтілетін нәтижелер мен үлгілік оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының жүйесі ретінде сипатталды. Сол себепті өткізілетін сабақтың қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде нақты мақсат түрінде белгіленуі қажет. Демек ұсынылған қасиеттердің иерархиялық жиынтығы оқу мақсаттарының да иерархиялық жиынтығы ретінде көрініс табуы қажет.

Сондай-ақ, әртүрлі дамыған мемлекеттердің білім сапасына берген анықтамалары зерделенді және берілген анықтамалар әр елдің білім саясаты мен ерекшелігіне сәйкес болатындығы білім сапасына деген нақты анықтаманың бір текті еместігін және оның әртүрлі ұғымды беретіндігін көрсетті. Анықталған ұғымның сипаттарына сүйене отырып «білім сапасы» туралы ұғым Қазақстанның қолданыстағы жалпыға міндетті білім беру стандартына және Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына, ерекшелігіне күтілетін нәтижелер мен оқу мақсаттарына үйлестірілді.

Ғылыми еңбекте 5-сыныптың «Қазақ әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» оқу пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасы негізінде, мектеп тәжірибесіндегі оқу процесінің өлшеу және бағалауды ұйымдастырудың критериялды бағалау жүйесіне сәйкес әр оқыту мақсатына қарай модельдің үлгі ұсынылды. Модель ұсынымдық сипатқа ие және әр педагог өз тәжірибесіне және оқу ортасының жағдаятын ескере отырып жүзеге асыра алады.

Қолданылған дереккөздер тізімі

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.

3. «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы.

4. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы.

5. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы.

6. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы.

7. Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории. Пособие для учителей. — М.: Просвещение, 1982. — 191 с.

http://www.bim-bad.ru/docs/lerner_i_ja_development.pdf

8. Азгальдов Г.Г. Теория и практика оценки качества товаров. Основы квалиметрии. М., 1982.

9. Гуманитарное знание и вызовы времени / отв. ред. С.Я. Левит. М., СПб., 2014.

10. Крылов В.Ю. Методологические и теоретические проблемы математической психологии. М., 2000.

11. Старцев М.В. Россия, Тамбовский государственный университет имени Г.Р. Державина starcevmv@yandex.ru *Работа выполнена при поддержке гранта РГНФ, проект № 15-36-01032a1

12. Розенберг Н.М. Проблемы измерений в дидактике. Киев, 1979.

13. Кузьмин Р.И., Макарова Л.Н. Специфика корреляционно-регрессионного моделирования в рамках психолого-педагогических исследований // Вестник Тамбовского университета. Серия: Естественные и технические науки. 2012. Т. 17. № 3. С. 1059-1067.

14. Старцев М.В., Шаршов И.А. Математическая модель и квалиметрический инструментарий оценки эффективности взаимодействия преподавателей и студентов вуза // Вестник Тамбовского университета. Серия: Естественные и технические науки. 2006. Т. 11. Вып. 2. С. 217-223.

15. Старцев М.В., Шаршов И.А. Проблемы квалитетической оценки взаимодействия субъектов образовательного процесса в вузе и пути их решения // Психологопедагогический журнал Гаудеамус. 2012. Т. 1. № 19. С. 34-40.
16. Любченко В.В. Исследование значимости учета коэффициентов компетентности в групповой экспертной оценке // Труды Одесского политехнического университета. 2005. Вып. 1(23). С. 177-180.
17. Христенко Д.В. Методика группового экспертного опроса при выборе компонентов ИТ-инфраструктуры в процессе ее модернизации // Инфокоммуникационные технологии. 2012. №2. С. 99-103.
18. Тоценко В.Г. Об унификации алгоритмов организации экспертиз // Проблемы правовой информатизации. 2006. №2 (12). С. 96-101.
19. Григорьев А.В., Козин П.А., Остапчук А.В. Методика определения значений весовых коэффициентов с учетом компетентности привлекаемых экспертов // Имущественные отношения в РФ. 2004. №8. С. 73-83.
20. Караев Ж.А., Кобдикова Ж.У. Технология трехмерной методической системы обучения: сущность и применение. – Алматы, 2018 г. – 480 стр.
21. Субетто А.И. Квалитетия образования. Том 1. Введение в квалитологию образования. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1991. – 335 с.
22. https://studme.org/65686/menedzhment/osnovnye_metody_kvalimetrii
23. <https://www.semanticscholar.org/paper/Utilizing-Assessment-to-Improve-Student-Motivation-Woytek/0cd0797b81a0168491f127e5f0de2b09fd83eb35>.
24. <https://www.semanticscholar.org/paper/DAMPAK-PENILAIAN-UNTUK-PEMBELAJARAN-TERHADAP-DAN-Magdalena-Andreani/6baa13ec8a9c7aede24b9f1e557e2b10b5e621ee>
25. Развитие навыков исторического мышления на основе исторических концептов. Методическое пособие/авт.-сост.: З. Шегенова. А.Жанисов. – Астана, 2015 г.
26. Wright B.D. & Stone M.H. Best Test Design, MESA Press, Chicago, 1979.
27. Turgut M.F. Eğitimde Ölçme ve Değerlendirme Metodları, Nüve Matbaası, Ankara, 1977.
28. Turgut M.F. & Baykul Y. Ölçmelemler Teknikleri, ÖSYM Yayınları, Ankara, 1992.
29. Thorndike R.L. Applied Psychometrics, Houghton Mifflin Co., Boston, 1982.
30. Hays W.L. Statistics, Holt, Rinehart and Winston, Inc., New York, 1963.
31. Gulliksen H. Theory of Mental Tests, John Wiley and Sons Inc., New York, 1950.
32. Carroll J & Spearritt D. «A Study of a Model of School Learning», Harvard University. Center for Research and Development of Educational Differences, 1967.
33. Brookover W. Self-Concept of Ability and School Achievement II, Michigan State University, Bureau of Educational research, 1965.

34. Torshen K. «The relation of Classroom Evaluation of Students Self Concepts and Mental Health», Yayınlanmamış doktora Tezi, University of Chicago, 1969.
35. Kifer E. «The Effects of School Achievement on The Affective Traits of The Learner», Yayınlanmamış doktora Tezi, University of Chicago, 1973.
36. Durmuş Alı Özçelik. Test hasırlama kılavuzu. – Ankara, 1992. – 186
37. Bloom B.S. Human Characteristic s and Shool Larning, McGraw Hill Book Co., New York, 1976